

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері туралы Келісім

Келісім 1998 жылғы 23 желтоқсан Астана. 1999 жылғы 23 қаңтарда күшіне енді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Келісімге өзгеріс енгізу көзделген - ҚР Үкіметінің 2009.04.02 N 460 Қаулысымен бекітілген Хаттамамен.

Бұдан былай Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы қарым-қатынасты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатымен,

Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы арқылы адамдарды, көлік құралдарын, жүктерді, тауарларды және жануарларды өткізудің тәртібін жетілдірудің қажеттігін басшылыққа ала отырып, сондай-ақ жасырын көші-қонды, қару-жарақтың, есірткі мен жүйкеге әсер ететін заттардың контрабандасын анықтау және жолын кесу мақсатымен, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын адамдардың және көлік құралдарының кесіп өтуі үшін, жүктердің, тауарлардың және жануарлардың басқа жерге орнын ауыстыруы үшін Тараптар мемлекеттік шекара арқылы көп жақты және екі жақты өткізу пункттерін орнатады (бұдан әрі - өткізу пункттері).

Өткізу пункттерінің тізбелерін Тараптар дипломатиялық арналар бойынша келіседі.

Тараптардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын және Ресей Федерациясының азаматтарын өткізудің жеңілдетілген пункттері орнатылуы мүмкін.

2-бап

Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын автомобильдік өткізу пункттері арқылы кесіп өту көлік құралдарын пайдаланумен немесе жаяу жүзеге асырылады.

3-бап

Өткізу пункттерінде адамдарды, көлік құралдарын, тауарларды және жануарларды шекаралық, кедендік және қажет болғанда бақылаудың басқа да түрлері (бұдан әрі - бақылау) Қазақстан Республикасының заңдарына, Ресей Федерациясының заңдарына және олар қатысушылар болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

4-бап

Өткізу пункттерінің ашылуы оларды абаттандыру және Тараптардың әрқайсысы мемлекеттерінің бақылау органдарының қызметі үшін қажетті инфрақұрылымды жасау аяқталған соң жүзеге асырылады.

Тараптар бір-бірін белгіленген өткізу пункттерін ашу немесе жабу туралы өткізу пункттерін ашуды немесе жабуды жоспарлаған мерзімге дейін 30 күн қалғанда хабарландырады.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.05.18 № 639 Қаулысымен.

5-бап

Өткізу пункттерінің жұмыс режимі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының шекаралық және кедендік ведомстволарының арасындағы өзара уағдаластық бойынша анықталады.

6-бап

Өткізу пункттері арқылы қозғалысты шектеу немесе тоқтату қауіпсіздік тұрғысындағы пайымдаулар, санитарлық-карантиндік себептер, табиғи апаттар салдары, эпидемиялар мен эпизоотиялар бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Осындай шектеулерді енгізетін Тарап екінші Тарапқа шектеулердің себептерін және күшіне енуі мерзімдерін атаумен оларды кіргізу жоспарланған уақытқа дейін 24 сағаттан кешіктірмей дипломатиялық арналар бойынша хабарлайды.

Тараптар өткізу пункттерінің объектілерін немесе коммуникациялық ғимараттарды жоспарлы жөндеуге байланысты Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы арқылы қозғалысты шектеу немесе тоқтату туралы бір-біріне осындай жұмыстардың басталуына дейін олардың аяқталу мерзімі туралы мәлімдеумен үш ай бұрын хабарлайды.

7-бап

Ерекше бір жағдайларда (табиғи апаттар, өрт, тасқын, эпидемия, эпизоотия, техногенді сипаттағы апаттар, шұғыл медициналық жәрдем көрсету және т.б.) Тараптардың әрқайсысы мемлекеттерінің шекаралық және кедендік ведомстволары Қазақстан Республикасының азаматтарын және Ресей Федерациясының азаматтарын, көлік құралдарын және құрал-жабдықтарын мемлекеттік шекара арқылы өткізуді бақылаудың белгіленген тәртібін сақтай отырып, жұмыс істеп тұрған өткізу пункттерінен тысқары жерде өзара уағдаластық бойынша жүзеге асыра алады.

8-бап

Өткізу пункттерінің тиісті қызметін қамтамасыз ету үшін Тараптардың әрқайсысы өз мемлекетінің аумағында қажетті инфрақұрылымды жасайды.

Автомобильдік және теміржол өткізу пункттері объектілерінің құрылысын жобалауда, сондай-ақ салу барысында Қазақстан Республикасының аумағында және Ресей Федерациясының аумағында бірлескен бақылауды жүргізу үшін жағдай жасау мүмкіндігі көзделеді және де мұндай объектілер құрылысының жобалары өзара келісілуге жатады.

Бірлескен шекаралық және кедендік бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың тәртібін Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының шекаралық және кедендік ведомстволарының басшылары белгілейді әрі хаттамамен ресімделеді.

9-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жеке хаттамамен ресімделеді. Аталған хаттама осы Келісімнің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

10-бап

Осы Келісім оған қол қойылған күннен бастап отыз күннен соң күшіне енеді әрі бес жыл ішінде қолданыста болады және егер Тараптардың бірде-бірі өзінің оның қолданысын тоқтататын ниеті туралы екінші Тарапқа Келісімнің қолданылу мерзімінің аяқталуына дейін алты ай бұрын жазбаша хабарламаса, келесі бес жылға өздігінен ұзартылады.

Астанада 1998 жылғы 23 желтоқсанда әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де екі мәтіннің күші бірдей.

(Қолдары)